

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫГЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ

12005

057 K



ДЖОН  
СТЕЙНБЕК



# НОБЕЛЬ СЫЙЛЫГЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ



---

*БЕЛВ СЫЙЫҒЫНЫҢ лауреаттары”*  
сериясы қоғамдық кеңесінің мүшелері

---

*Юсупов Кеңес (тәрага)  
Абдрахманов Сауытбек  
Асқаров Әлібек  
Ақтаев Сарбас  
Әбдіков Төлен  
Әбдіхалық Жомарт  
Әкімжанов Мәткәрім  
Бельгер Герольд  
Жұмабаев Әбілмәжін  
Құл-Мұхаммед Мұхтар  
Сагындықова Нагима  
Сатыбалдиев Ерлан  
Серікқалиев Зейнолла  
Степанова Лидия  
Шәкеев Нұргазы  
Ысмагұлов Жұмағали*

# Джон Стейнбек

---

Алаң көңіл ақпаны

*Роман*



«АУДАРМА» ЕАСПАСЫ  
АСТАНА—2004

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Стейнбек Джон.**

**C 79** Алаң көңіл ақпаны. Роман.

Аударған *Б. Баймаханов*.

Астана: Аударма, 2004. — 400 бет.

ISBN 9965-18-091-1

Американың атақты жазушысы Джон Эрнест Стейнбектің бұл романы — ирониялық шығарма. Адамгершілік, адами құндылықтардың таразыға түсіү, адамның жан дүниесіндегі сан алуан өзгерістерді өділдетті түрде ойнақы юмормен, лиризммен астастыра суреттеу — жазушының басты ерекшелігі.

К 4703040100 - 103  
00(05) - 04

ББК 84.7 - 44

ISBN 9965-18-091-1

© Баймаханов Б., 2004

© «Аударма» баспасы, 2004

© Қазақстанның кітап графикасы  
суретшілерінің қоғамдық  
бірлестігі, 2004



*Осындағы ойдан шыгарылған кісі аттары мен атаулардың шындығында кімдер жайлы және қандай жерлер жөнінде жазылғанын білуге құштар оқырмандарга мен өз айналасына зер сала қарауга, өз ішкі жсан-дүниесіне үңілуге кеңес берген болар едім, өйткені бұл романда баяндалғаның бәрі үргінгі таңда бүкіл Америкада болып жатқан жайттар.*

## **БІРІНШІ БӨЛІМ**

### **I ТАРАУ**

Сөуірдің алтын шапақ аптаған аппақ таңы оятқанда Мэри Хоули төсегінде аунап түсіп, бұрылып күйеуіне қарап еді, ол шынашағымен екі езуін шықшытына дейін созып, құрбақаны бейнелеп жатыр екен.

— Әжуаланып жатырсың ба, Итен? — деді ол. — Тағы да ескі өніңе басып, сайқымазақ дарыныңды танытып жатырсың ба?

— Тышқан-ау — тышқан, маған күйеуге шықшы!

— Үйқыдан көзінді ашып үлгірмей әжуальыққа өзір тұратының-ай?

— Жана күн бізге жыл сыйлайды, міне, қарашы, арай-лап таң да атып келеді.

— Әне сөйтеді — ескі өуенінен айнымайды. Ал бүгін қасіретті де қасиетті ұлы жұма екені сенің есінде бар ма?

Ол жаймен күбірледі:

— Онбаган арамза рұмдіктер өмір еткен бойда Голгофанның (жазалау орны) етегіне тіzlіп сапқа тұра қалды.

— Сайқымазағыңды қойши. Дүкенді он екіде жабуға Марулло рұқсат ете ме?

— Сүйікті менің гүлім-ау, Марулло — католик және де ол италиялық кой. Тұрасын айтқанда, ол қарасын да корсетпейді. Мен дүкенді он екіде, үзілістің алдында жабамын да сосын жазалау аяқталғанша қайтып ашпаймын.

— Сен ертеде ел кезген діншіл пірадарлардың (пилигрим — ел кезген діншіл-пірадар (дәруіш) сөзін айтып отырың. Мұның жарамайды.

— Сандырақ, шыбыным. Бұл менің айнымай анама тартқан жағым. Бұл — менің сүйегіме біткен, бойыма сіңген қарақшылық үні. Өлім жазасы деген өлім жазасы, білсеңіз.

— Олар әсте де қарақшылар емес. Сенің ата-бабаң — кит аулаушы байырғы теңізшілер, сонау құрлықты конгресс дүрлеп түрған заманда олардың бұған белгілі бір құжаты болған деп сенің өзің айтқансың.

— Олар атқылап опат қылған кемедегілер бұларды қара ниет қарақшылар деп атаған. Ал өлгі рүм солдаттары өлім жазасын — өлім жазасы деген.

— Міне, сен енді шытынап ызалана бастадың. Маған сенің бәрінен де сайқымазақ қалжыңбас кезің көбірек үнайды.

— Иә, мен қалжыңбас әжуамын. Оны кім білмейді?

— Ылғи да сен менің айтқан сөзімді әдейі бүрмалап шастыра бересің.

Сенің мақтан етуіңе әбден болады: — діндар-дәруіштер (пилигрим) — отаршылдар мен кит аулайтын кеме шкиперлары — бәрі бір үядан үшқан, — бір отбасынан тарағандар.

— Ал олардың да бірденелері бар шығар?

— Несі? Түсінбедім.

— Мүмкін менің ата-бабаларым сонау бір кезде өздері бәрін билеп-төстеген мына кенттегі жарбиған италиялық жаман дүкенде істейтін өлле бір жаман сатушыны жарық дүниеге әкелгендерін мақтан ететін болар?

— Сен қарапайым сатушы емессің. Тұрасын айтқанда дүкеннің менгерушісі іспеттісің — бүкіл есеп-қысапты өзің жүргізесің, түскен ақшаны банкке өзің өткізесің, бәріне өзің тапсырыс бересің.

— Оның рас. Өзім сыпырамын, озім қоқысты шығаралының алдында құрдай жоргалаймын, тіпті мен әлдеқалай сүмелек мысық болсам, маған Маруллоның алдында тышқан аулау міндегі де жүктелген болар еді.

Жанына келіп ол иығынан құшақтады.

— Кел, одан да өзілдесіп ауыздың домін алғып алайық, — деді ол. — Қасіретті жұмада ондай-мұндайды айтпай-ақ қоялық, ол орынсыз болады. Жарамайды. Мен сені жанымдай жақсы көремін.

— И-иә, — деді ол, сөл мұдіріп бір пәстен кейін, — Сендердің бәрінің айтатын әндерің біреу, бұл саған, өйтсе де, анадан туған лыпасыз қалпында әйелі бар еркектің құшағында жатуға айрықша құқық береді еken деп дәмеленбей-ақ қой.

— Мен саған балалар жөнінде айтайын деп едім.

— Түрмеге түсіп пе?

— Сен тағы да қылжаққа айналдырасың?

— Жоқ, жарайды, олай десен, олардың өздері-ақ айттып берер.

— Ал сен ше?..

— Марджи Яңг-Хант бүгін маған тағы да бал ашып береді.

— Коғенің шамбасымен бе? Марджи Яңг-Хант, көрдің бе қандай керемет, бәріне күлкі сыйлайды, ажарымен арбайды...

— Әсілі, мен қызғаншақ болсам... әдетте жігіт әжептөуір қызға қарамағансып, әдейі қиқарланса, бұл оның жөгілігі деген сөз бар.

— Сенің әлгі қызың сол ма? Ол бір емес, екі мөрте байға тиген.

— Екінші күйеуі қайтыс болған.

— Жарайды, одан да тамағымды ішейін. Сен соның желбаз мылжынына сенесің бе?

— Әйтсе де бал ашқанда Марджи менің ағам жөнінде бәрін айттып берді ғой. “Ең жақын туысқандарыңың біреуі” дегені есінде ме?

— Егер тамақты дереу дастарқанға өкеп қоймаса, менің де ет жақын туысымның біреуінің бөкседен томен жұмсақ жеріне әжептөуір соққы тиетін болады.

- Қазір, міне әкеле жатырмын. Құймақ па?
- Мейлі, құймақ-ақ болсын! Неге осы Ұлы жұма дең аталады? Оның нендей ұлылығы бар?
- Мәссаған! — деді ол, — Саған тек қыңыр тартып, қылжактай берсөн болғаны!

Итен Аллен Хоули асүйдің терезесі жақтағы бұрышынан сығылысып барып өткенде кофе құйылып, табақшаға салынған құймақ пен кепкен нан стол үстінде өзір тұрган еді.

- Бойым женіл, көңілім жай, — деді ол. — Әйтсе де неге Ұлы жұма?

— Көктем, — ол пеш жақтан үн қатты.

— Көктемгі жұма ма?

- Көктемгі абыр-сабыр өбігерлік... Сені де абыржытып өлекке салып жатқан міне сол ғой. Қалай, балалар тұрды ма?

— Әрине, тұрды, аялда! Маубас немелер. Жұр, барып оятып, жостыртып жондарын тілейік!

— Сенін қырсығың қысқан кезде, алла сақтасын, аузына келгенде айтасың, әйтеуір үзілісте үйге келесің бе?

— Жок-қ, келмеймін.

— Неге?

— Әйелдер. Сол кезде жолығуга солармен уәде байласқанмын. Мүмкін сенің Маружиң де соғып қалуы...

— Қойши, Итен! Сен неге қайдағыны айтасың? Марджа шынымен көңілдес дос. Ол қажет болса қынқ етпей өзінің соңғы жейдесін шешіп беруге бар.

— Солай де? Ал, оның үстінде сол көйлегі бар ма екен?

— Тағы да сен өзінің бәз-баяғы дәруіштік әуеніңе ойыса бастадың.

— Мен онымен туысқан екеніме бәс тігуге бармын. Онда да қарақшылар қаны бар.

— Сайқымазағынды қойши осы. Міне тізім, — ол оның тосқалтасына бір тарақ қағазды тыға салды, — онда жазылған коп нәрсе бар. Байқа, ұмытып кетпе, алда пасха келе жатыр. Жиырма шақты жұмыртқа ала келуді де ұмытпа. Тезірек жинал, әйтпесе кешігіп қаласың.

— Озім білем, қырсыққанда, “қымыран іриді” бақандай бір алушыдан айырылып қалып, Марулоны жиырма цент

пайдадан қағып жүруім ықтимал. Ал бірден жиырма жұмыртқа неге керек?

— Бояуга. Аллен мен Мэри-Элленге қайтсендер де әкеліндер деп тапсырыпты. Жарайды, сениң кететін уақытын болды.

— Кеттім, түймедақ гүлім менің. Тек рұқсат етші, жоғарыға шығып, Аллен мен Элленнің жонын бір жостыртып кетейін.

— Сен оларды керім еркелетесің, Итен! Әйтсе де олай етуге болмайды ғой!

— Қош, қош, биліктің бекбикесі, — деді ол, темір торлы есікті тарс еткізіп жапты да алтынмен апталып, күмістей жарқыраған жасыл таңға шықты.

Ол әкесі мен атасынан қалған сыры кетсе де, сынны кетпеген әлі де сымбатты ескі үйге сәл анырып қарады, үй ак сырмен боялған, салтанатты сыртқы есіктің жоғарғы маңдайша жағында жарты шенбер түрінде ілген сәнді терезесі бар, дуалдың төбемен түйісер тұсындағы сыртқы ернеуі Роберт Адамның<sup>1</sup> мәнерінде жасалған арнаулы өрнектермен әшекейленген және де төбесіне “Жесірдің жолы” тартылған. Үй жасыл бақтың төрінде, діңі құшақтаса екі құлаш жетпейтін енді-енді бүршік жарған жүз жылдық алып жұпарғұлдің аясында тұр. Шегіршінді көшесіндегі шегіршін ағаштарының қау боп есken қалың бұтақтары ар жағындағы ағаштармен құшақтаса айқасқан алақанын жаңа жайған балапан жапырактардан тұсken жарық сөule банктің үйінен енді-енді асып, ескі айлақтан тұzsінді иодтың иісін кентке қарай есе қуалап, газ зауыттың аршылған ақ күмістей жалтыраған мұнарасына келіп шағылысты.

Азанғы Шегіршінді көшесінде қыбырлап көзге түсер жалғыз тірі жан — Бейкер мырзаның жиренсары сеттері — банкирдің иті ғана. Жирен-сары Бейкер ауық-ауық анырып тұра қалып, шегіршін діңінің “мәлім қатын” тімісқи іскеп қойып, асықпай тротуармен маңғаз басып кетіп бара жатты.

<sup>1</sup> Р.Адам — шығармашылық енбегінде бағзы көне заман сөulet өнерінің күшті ықпалында болған Американың XVIII ғасырдағы белгілі архитекторы.

— Қайырлы тан, мырза. Мен Итен Аллен Хоулимін. Біз сізben сонау бір кездерде қажетімізді қатар тұрып өтедік-ау, деймін.

Жирен Бейкер тұра қалып, оның амандық-саулығына желкілдеген жирен құйрығын жаймен бұлғақтатып жауап берді.

Итен оған:

— Ал мен аңырып өзімнің мына ескі үйіме қарап тұрмын. Бұрынғы кезде үй салуды білген ғой, — деді.

Жирен-сары мойнын бұрып қабырғасын артқы аяғымен енжар ғана бірді-екілі мәрте осып-осып жіберді.

— Эйтсе де, солардың ақшасындай ақша барда бұл істің қандай қулық-сұмдығы бар? Барлық теңіздер мен мұхиттардан ауланған жан-жануарлардың майы мен спермет тұрганда. Сіз сперметтің не екенін білесіз бе?

Жирен-сары ит күрсіне қыңсылады.

Шамасы білмейсіз-ау. Бұл — кашалоттың шекесінің — бас сүйегінің ішінде болатын мөлдір түсті,райхан гүлдей ғажап жұпар иісі бар майға үқсаған зат. “Моби Дикті” оқы тобетім. Мениң саған берер кенесім сол. Сеттер жағажолдың жиегіндегі ат байлайтын шойын кермеге артқы аяғын котерді.

Итен кетіп бара жатып оған бұрылып:

— Бұл кітап жайлы пікірінді айтартсың. Бәлки, менің ұлым сенен де бірдене алар, ол әлгі “спермет” деген сөзді дұрыс жаза да алмайды, тіпті жалғыз сол соз болса бір сәрі...

Итен Аллен Хоулидің ескі үйінен екі оралым (квартал) откеннен кейін Шегіршінді коше тіп-тіке Бас кошеге барып құйылады. Бірінші оралымның дәл ортасында Эргарлар үйінің алдындағы енді-енді түлеп келе жатқан көгалда коралтанған бір топ сүр торғайлар шуылдасып шайқасып жатты. Торғайлар асыр салып ойнап жатқан жоқ, қайта бірін-бірі жұлмалап, бірін-бірі шөпке аунатып, бірінің-бірі көзін шұкуға ұмтылып, соның бәрін өштескен ызалы түрде шуылдасып-дуылдасып жасап жатты да, тіпті олардың төбелесін коруге қасына жақын келген Итенді де байқамай қалды.

— Үяда тату тұрамыз, сендерге үлгі қыламыз, — деді ол,  
— Бұл жалғанда мұндай ореспіз отірікті естіген жан жоқ шығар. Сендер, бауырларым, тіпті осындай тамаша таңды ың-

шыңсыз болісе алмайсындар. Ал франциско өулие болса сендерді, құзғындарды, аялап қашама әлек болды. Күш-ш! – ол бар пәрменімен ұмтылып, аяғын қатты сермен қалды, торғайлар қанаттары сузылдаپ, өздерінің ызасын білдіргендей майланбаған есіктің топсасындаі аңы дауыстарымен жамырай шиқылдаپ дүрліге ду котерілді.

– Ал маған мынаны айтуға рұқсат етініздер, – деді Итен оларға қарап тұрып, – Талтұсте күн батып, жер бетін түнек басады, сендерді түпсіз үрей құшағына алады, – Ол жағажолға түсіп, өз жөнімен кете барды.

Екінші оралымдағы Филиппстердің ескі үйінде қазір пансион ашылған. Соның салтанатты есігінен Бірінші ұлттық банктің жергілікті бөлімінің кассирі Джой Морфи шықты. Ол тісін шұқылап, бешпентін жөндеді де Итенге басын шұлғыды.

– А, Хоули мырза, мен еңді ғана сізге кіріп шығуға жиналыш жатыр едім.

– Қасиетті де қасіретті жұманы неге ұлы деп атайды?

– Бұл латынша, – деді Джой, – великус, великийс, великум – “асқан арамза” (препаскудная) деген мағына береді.

Джонның бет әлпеті атжақты келген және құлгенде до-балдай дүрдиген жоғарғы ернін түріп, сойдиган сойдақ тістерін ақситып, кісінеген жылқыша құлетін. Джозеф Патрик Морфи, Джой Морфи, Джой-бой, Морф-Нью-Бэйт-унның әсте де байырғы түрғыны болмаса да, ол сонысына қарамай белгілі қала тұрғындарының бірі болатын. Карта (покер) ойнағанда қолын колегейлегендей әзіл айтқанда да беті бұлк етпейтін қалжыңбас, бірақ оның есесіне басқанын әзіл-оспағын тіпті алғаш естіп отырмаса да ішек-сілесі қатқанша құлетін. Бұл Морфидің сірә де білмейтіні болсайшы, ұялы қылмыстан (мафия) бастап, Маунтбэттенге дейін бәрін де, бәрі туралы түп-түгел біледі, бірақ ол өзінің бұл білген деректерін әлде бір сауда қойғандай, түрлендіріп өнін айналдырып жеткізеді. Сұрақ сарындаас мәнерде айтылғандықтан да одан оның әлдебір білгіштігі, айрықша астамдығы атойлап тұра қоймайды. Содан барып тыңдаушылары да оның әңгімесіне өздерін қатысты тәрізді сезінетін де, ал мұнын

өзі кейін олардың бұл әңгімелерді өз туындылары етіп айтуына мүмкіндік беретін. Джой мінезі қызық адам болатын: жаратылысынан қызба, әулекі жан еді, ал бірақ оның өсте әлдебіреумен бәстескенін ешкім ешқашан естіген емес; тәжірибелі бухгалтер, банктің таптырмайтын тамаша кассирі. Бірінші Үлттық банктің жергілікті бөлімінің директоры Бейкер мырза Джойға алғаусыз сенім қөрсеткендіктен де өзінің бүкілдерлік қызметін соның мойнына артып қойды. Морфи қаладағылардың бәрімен сыйлас-сыйбайлас, әйтсе де ол ешкімді ешуақытта өз есімімен атамайды. Итен ол үшін Хоули мырза, Марджи-Ян-Хант бикеш, бірақ айтылып журген қауесетке сенер болсақ, Джой онымен бір төсекті бөліссе керек. Оның өз отбасы, не туған-туысқаны болған емес, филиппстердің ескі үйінде бөлек моншасы бар екі бөлмелі пәтерде тұрады, тамақты көбіне “фок-мачта” мейрамханасынан ішеді. Оның қызмет істеген жерінің бәрі кінәратсыз – Бейкер мырзага да, басқарма мүшелерінің бәріне де айдан анық, бірақ Джойбайдың өзгелер өмірінен деп айтқан алуан-алуан әңгімелерінен тындаушылардың қоңылінде: бәлки, осының бәрі Джойдың өз басынан кешкен жоқ па еken, – деген түрлі-түрлі ой да тудады, әрине, олай болған жағдайда оның өзі көрмегені жоқ қақсал болып шығады, Джойдың өзім деп өзеуреп өзін-өзі мақтап, мен деп кеуде соқпағаны да оны жұртшылық сыйластығына бөлейді. Оның тырнағы қашанда мұнтаздай таза, бешпенті сәндел тігілген, әдемі, көйлегі-кіршіксіз аппақ, аяқ киімі – үнемі жылтырап тұрады.

Екеуі Шегіршінді көшесімен Бас көшеге қарай асықпай аяндал кетіп бара жатты.

– Мен көптен бері сізден бір жәйтті сұрағым келіп жүр еді. Адмирал Хоулидың сізге туысқандық жағынан қатысы бар ма?

– Мүмкін адмирал Холси болар? – деді Итен, – Біздің әулетімізде теңізшілер көп болған, әйтсе де адмирал жайлы алғаш естіп отырмын.

– Сіздің атаңыз кит аулайттын қайыққа шкипер болғанын білемін, бәлкім, соданда адмирал туралы әңгіме жадымда қалған болар.

– Біздің қалашық тәрізді кенттер өсте аңызсыз болмайды ғой, – деді Итен, – Сондықтан да әкеме қараған жақ-

тағы ата-бабаларым сонау ерте кездерде қаракшылық жасапты, шешемнің аргы тегіндегі нағашыларым Америкаға “Мэй-флауэрмен” келіпті десіп жатады.

— Итен Аллен (XVIII ғасырда өмір сүрген американлық ағартушы), — деді Джой, — Жаратқан ием жар болсын! Ол да сіздердің туыстарыңыз гой.

— Әбден ықтимал. Тіпті солай да болуы, — деді Итен, — Бұгін қандай тамаша! Тіпті мұнан артықты аңсаудың өзі қисынсыз тәрізді. Сіз маған кіріп-шыққыңыз келіп пе еді?

— Иә, иә! Бұгін сізде он екіден үшке дейін үзіліс қой? Он бір жарымға дейін маған екі сэндвич (ішіне жем салған нан) әзірлең қойынышы, жарай ма? Кейін өзім соғып алармын. Және бір шөлмек сүт.

— Ал банк, сонда жабылмай ма?

— Банк жабылады. Мен — жоқ. Өзін гросс-бухына қоса шынжырлаған кішкентай Джой селтиіп сонда жалғыз қалаады. Үлкен мейрамдардың қарсанында, сондай күндерде өркім өз чегімен тіпті иті-құсы қалмай, бәрі банкке топырлап толып кетеді.

— Тіпті соны ойласам бұйырмасын, — деді Итен.

— Енді қалай! Пасха. Қайтыс болған жандарды еске алатын күн, Тәуелсіздік күні, Еңбек күні... жалпы кез келген үлкен мереке алдында... Егер мен банк тонауга үйгарған болсам, оны сөзсіз үлкен мереке алдындағы қарбалас күнге орайластырған болар едім. Ақша әзір түр, аларман келгенше зарығып күтіп жатыр.

— Джой, сіз істегелі бері сірә де тонаған кезі болды ма?

— Жоқ. Әйтсе де менің бір танысым екі мәрте тонауга үшырады.

— Сонда ол не айтты?

— Зәресі үшқанын айтты. Әмірінің бәрін бұлжытпай орындалты. Міне керегінді ал, — деп еденге жатыпты. Ақша менен өлдекайда мығым қамсыздандырылған, — дейді ол.

— Дүкенді жапқан кездे сэндвичті өзім апарып берермін. Бүйірдегі есікті қағармын. Сізге не қосып әзірлең қояйын?

— Әбігер болмаңыз, Хоули мырза! Бұрыштан бұрышқа жүгіріп өту маған түкке тұрмайды. Біреуін шошқаның сүр етімен, екіншісін сырмен, қара нан, салат пен майлы қай-

мақпен (майонез). Тағы да бір шөлмек сүт пен кока-кола, ал оның соңынан.

— Жақсы шұжық бар, менің қожам италияндық қой.  
— Жоқ, рахмет. Айтқандайын, жергілікті мафия өкілі, оның халі қалай?

— Меніңше жаман емес.  
— Жарайды, несі бар, сол макароншыларды ұнатпаған күннің өзінде де ондай адамдар алдында бәрібір бас июге болады. Қол арбасын сүретіп жүріп көкөніс сатқан адам, бірте-бірте құлашын жазып, ерісін кеңейтіп, міне, енді керегінің бәріне ие болып отыр. Иә, басы істейді оның. Қандай байлық жинағанын оның кім біледі! Алайда мен мұның бәрін бекер айтып жатырмын. Банк қызметкеріне аузына келгенін айта беруіне болмайды.

— Ал сіз ештеңе тапқан жоқсыз ба?

Олар Шегіршінді көшеге Бас көшеге тірелетін бұрышқа келіп жетті. Вулворттың жаңа дүкені салынатын жерді босату үшін қиратылып жатқан ескі қонақ үйінін ақала-қызылала үйіндісіне қарап, екеуі уәделескендей кілт тұра қалды. Сары түске боялған бульдозер мен басына домалақ шоқпар байланған мойны сорайған ұзын котергіш кран, бейне таң сәрінің тылсым тыныштығында тынысын ішіне тартып тығыла қалған жыртқыштай үнсіз қаңқып тұр.

— Қашанда мені қызықтырап көрініс, — деді Джой, — Шамасы бір сәт көңлін марқайып қалатын шығар: мына құрыш гүрзімен құлаштап бір соққанда, байқайсың ба, бір қабырға тұтас бірден гұрс ете қалатын болар.

— Мен Францияда мұндейдьы талай-талай көргенмін, — деді Итен.

— Иә! Жағада тұрған ескерткіште сіздің де есіміңіз бар фой.

— Ал сіздің өлгі танысыныңға соқтыққандарды ұстап па? — Ол танысы Джойдың өзі екенін Итен сезетін. Оның орнында болса әркім-ақ мұны сезген болар еді.

— Әрине! Қақпанға түскен тышқандай қолға тұсті. То-наушылар, құдайға шукір, құлыктан құр қалған халық қой! Ал егер Джой-бой банкті тонау жөнінде нұсқау жазған болса, полиция оларды ешқашан ұстай алмаған болар еді.

Итен күліп қойды.

— Ал мұның бәрін сіз қайдан білесіз?

— Тұпнұсқадан, Итен мырза. Газет оқымын, бар болғаны сол. Оның бер жағында менің бір жақсы танысым тыңшы полициясында істейді. Қаласаңыз сізге осы тақырыпқа құны екі долларлық лекция оқып беруіме де болады?

— Жарайды, жетпіс бес центке! Менің дүкенді ашатын уақыттым болды.

— Арулар мен мырзалар, — деді Джой. — Сіздер мен біздер бүгін кірісеміз... Жок, тұра тұр. Банкке шабуыл жасаған соң неге қолға туседі? Бірінші бап: рецидивистер, бұрын сотты болғандар. Екінші бап: жемтік үшін таласқандар және іштерінен өлде біреу жеткізгендер. Үшінші бап: әйелдер, әйелсіз күн жок, осыдан келіп, енді төртінші бап шығады: ақшаны басы-көзі жоқ шаша бастайды. Міне, сондайлардың ізін бақсаныз, қалғанын қалпақпен соғып аласыз.

— Профессор мырза, сонда сіздің әдісініздің мәні неде?

— Бұл өзі барып тұрған мейлінше қарапайым әдіс. Бәрі керісінше. Егер бұрын да өлде неден әйгілі болсаңыз, әйтпесе өлде неден қылмысты іске тартылған болсаңыз, онда ешқашан банкке шабуыл жасамаңыз. Ешқандай сыйбайлас алмаңыз — бәрін тек өзіңіз ғана жасаңыз және ешкімге, тірі жанға тіс жарушы болмаңыз. Арулар жайлы ойлауды ұмытыңыз. Ол ақшага әсте тилюші болмаңыз. Оны көз көрмейтін, қол жетпейтін жерге жытырыңыз және де бір-ер жылға емес. Кейін ондай ақшаның қалай түскені жайлы көнілге қонымды, құлаққа нанымды уәж тапқанда барып қана жалғаның жарығына там-түмдап алып шығарыңыз, әйтпесе құнды қағазға айналдырып алыңыз. Былайша беталды жүмсауға болмайды.

— Ал кенет тонаушыны танып қойса ше?

— Егер ол бетін бүркеп алып, тіс жарып, тіл қатпаса, оны қалай таниды? Қүәгердің жауабын сірә де оқығаныңыз бар ма? Олар аузына келгенін шата береді. Полициядагы менің танысым қайсы бір қылмыскерді анықтау үшін өзгелердің ортасына қойып зәбірленгендерден сұраған кезде кейде солардың соған нұсқайтынын айтатын. Қылмыскер нақ осы деп өзеуреп, олар басын бәске тігуге дейін барады екен. Қаласаңыз, сіздің жетпіс бес центінізге міне менің айтарым.

Итен қолын қалтасына салды.

— Мен қарызыбын.

— Сэндвичпен өтерсіз, — деді Морфи.

Бас көшениң қылышында көлденең түйік көшеге тұсу үшін олар енді арғы бетке өтуге тиіс болды. Джой түйік көшениң оң жағында орналасқан Бірінші ұлттық банк үйінің қапталындағы есіктен кірді де, ал Итен сол таркөшедегі, бірақ оның сол жақ қапталындағы Маруллоның “Бакалея, Гастрономия, консервілер мен жемістер” дүкенінің есігін ашты. — Шошқаның сұр еті мен сыр салынған ба? — деп дауыстады ол.

— Қара нағман... Салат пен майонезді де ұмытпаңы!

Дүкеннің арт жағындағы қуыс-қоймаға қуықтай түйік көшеден түскен онсызда болмашы әлсіз жарық шаң басқан темір торлы терезеден бұлдырап әрен-әрен көрінеді. Қалбырға салынған жемістер, көкөністер, балық, жұмсақ ірімшік пен шұжықтар толтырылған қатырма қағаз қораптар мен ағаш жәшіктер төбеге дейін тірелген текшелерде лықып тұрған алагеуім аядай бөлме ішінде Итен аңырып сөл аялдады. Ол ашыған ұнның, үрме бүршақ пен бүршақтың қонырыған, қаңсыған, қораптардың кеңсеге тән иісінің, корнфлекс салынған қораптар, шұжық пен сырдың, көргенде дәмі ауызға келетін ысталған шошқаның қоң еті мен субесінің қолқанды қабар хош иісінің, бүйірдегі есік жақта тұрған күмістей жалтыраған күл-қоқыс салынған ыдыстағы шіріген капуста жа-пырағы, салат пен қызылша қалдықтарының мұнқіген сасығының ішінен тышқанның күлімсіген иісін алғаусыз айырғысы келгендей мұрнын шүйіріп қойды. Тышқанның әдеттегі сасық иісін сезбеген соң, дүкеннің бүйірдегі есігін қайта ашып, қақлағы қатты жабылған қоқыс салынған ыдысты түйік көшеге шығарды. Сол сәтті андып отырған сұр мысық қоймаға жып беріп кіріп кетпекші болып еді, бірақ сәті түспеді, ол мысықты қуып жіберді.

— Жоқ, қылжақты қой, — делінді оған, — мысықтың асы — егеуқүйрық пен тышқан, ал бұл маубасқа шұжық беру керек. Жоғал! Саған жоғал дедім ғой! Жағажолда отырып аяғыны” жұмсақ алақанын жалап-жалап алған ол “жоғалдың екінші мәрте естіген соң дереу көшениң арғы бетіне

өтті де сабаудай құйрығын шошайтқан бойы банктің туу сыртындағы тақтай қорага зып етіп секіріп кетті. – Ә, бәлем, сиқырлы сөз екенін біледі, – деді Итен даусын қөтеріп. Ол қоймаға қайтып оралды да есікті мықтап қойды.

Дүкеннің есігіне дейін шаң басқан қоймамен екі-үш қадам аттады, кенет аядай дәретхананың тұсынан сызаттап аққан судың сылдыры естілді. Ол үшқат есікті ашты да суды ағызып жіберді. Содан соң терезесіне тор тұтылған абажадай ішкі есікті итерді де кебісінің тұмсығымен астына ағаш сынаны нығарлап тықты.

Көрмеге зат қойған үлкен екі әйнекке тұтылған жапқыштан дүкеннің ішіне жасыл ренді сәуле түседі. Мұнда да сол баяғы қаңылтыр қалбыры мен шыны ыдысының түсі солғын тартқан консервілер текшелерде үйдің төбесіне дейін сіресіп, қатар-қатар тізіліп тұр. Асқазан үшін ғажап кітапхана дерсін. Оң жақта – сауда орны, касса аппараты, пакеттер, келептелген кендір жіп және де тат баспайтын темір мен әмалдан жасалған витриналы тоқазылтқыш. Өзіне-өзі жаймен бірденелерді күбірлеп тұрған компрессор, Итен өшіргіш тетікті шырт еткізіп еді, неон тұтіктерінің көңіл ашар көгілдір сәулесі туралған сүр етті, сырды, шұжықты, жаншылған етті, бифштекстер пен балықты жайнатып жіберді. Шарт соборындағы (шіркеуіндегі) сияқты шашырай құйылған кафедральдық сәуледен, шағылышқан кафедральдық сәуледен дүкен іші құлпырып кеткендей болды. Итен алдындағы қалбырга салған томаттан тізілген органның тұтіктеріне, қышалы, зейтунды кеспектер капелласына, сардина толған жұздеген қораптардың сопақша табыттарына таңдана-тамсана көз тастады.

Ол сәл мұрнының астынан міңгірлеп:

– Одинокум и одинорум, – как с амвона. – Один одиночик во славу одиностии домине... ами-инь! – деп баяу өндептті. Сол сәтте әйелінің түсініктемесін өнінде естігендей болды: “Қылжақтауынды қойсаңшы, оның бер жағында басқаларға мұның балағаттау болып естілуі әбден ықтимал. Адамдардың ақ сезімін бұлайша қорлауға болмайды ғой”.

Азық-түлік дүкенінің – Маруллоның азық-түлік дүкенінің сатушысы – сүйген жары, екі бірдей сүйкіті бала-

қайы бар адам. Онын онаша калар күні бар ма? Қашан және кайда онаша кала атады? Құндіз – тұтынушыллар, кешке – әйелі мен балалары, түнде – жары, күндіз – сатып алушылтар, кешке – әйелі мен балалары.

– Тек моншадағана, – деді Итен даусын шығарып, – Және шүмекті ашканға дейін, тап казір. – О, қуантып бойды, толқытқан ойды, қатжынның қикар бір сәті – ғажап бір, ғажап жыр сәті... – Казір, бәлкім, мен де біреуге тіл тигізем бе, асылым менін? – деп сұрады ол жұбайынан, – Бұл арада жан жок – адамдар да, олардың абзал сезімі де жок. Ешкім, мен мына қарғыс аткан есікті ашканға дейін менен басқа және менін жапалан жалғыз сока басымнан бөтен мұнда ешкім де жок.

Кассаның он жағында тауар койып сататын текшерін астындағы жәшіктен ол таза атжапқыш алды да, оны жайып бауын тарқатып, сипап қыртысын жазды, сейті де оны беліне орады, сосын кайта аркасынан айналтырып апарып ұшын кос көлемен сипатап отырып ілгектеп байлады.

Атжапқыш тіпті тобығына дейін шұбалып түсіп тұрған үзын екен. Итен он колын көкке созып атаканың жайып тұрып бытай деп үн катты:

– Уа, қалбырға салынған алмұрттар, бұқтырылған, тұздатған тағамдар, мына сөндер, менін айткан сөзімді үғарсындар ма? – “Тан аткан кезде халықтың ақсакаллары атғашқы пірадарлар мен ғұламатар оны ертіп әкеліп өздерінін синадрионына (діни кенес, сот) кіргізді...” Тан аткан кезде. Иттен туғандар ертемен іске кірісті! Кас қағым кешірім жасамады. Сонын катай еді? “Құндізгі сағат алтының шамасы болатын...” Біздінше, бұл талтұс шығар. “Сағат тоғызға дейін бүкіл жер бетін караңғы түнек басты. Құн тұтылды”. Мұның бәрін катай мен жаһымда сактадым? Қайырымы мол құдайым-ау! Өлім күшағында онын ұзак жатуына, ажат азабымен ұзак арпалысына тұра келді! Ол колын түсіріп, бейнебір солардан жауап күткендей текшеде тізіліп тұрған тауарларға жасық жаңарымен тәлмендей каралы, – Казір сен маган ештеге демейсін. Мәри, күлшетайым менін. Бәлкім, сен иерусалим қыздарынан боларсын? “Маган егіліп жытамандар, – деді ол, – бірак та өздерінді ойтап, өз балаларын-

ды ойлап жыландар... Өйткені, егер көгеріп келе жатқан ағашқа бұлай істегенде, кураған ағаштын күні не болмақ? Әлі күнге дейін мұны бейжай тыңдай алмаймын. Мұнын менін ішкі жан-дүниемін терен түкпіріне үялап қалатынын, Дебора апайым сезген де, ойлаған да емес. Әйтсе де сағат алты әлі болған жок... Жок, әлі ерте, ерте...

Сойлей жүріп көрмеге тауар койылған үлкен екі әйнектін (витрина) жасыл передесін түрді:

— Кел, кір жаңа күн! — Сосын есіктің кілтін бұрады, — Тәнірдің жарық дүниесі хош келдініз! — Торланған кос жактаулы қакласы айқара ашылды, олардың қайта жабылып калмауы үшін арнаулы ітгешегі бар. Қарсы алдында — асфальтты аялап қызыла бастаған ертенгі ерке күн, күн болғанлықтан да ол осытай жасауға міндетті болатын, өйткені соуірде ол Бас көшениң ашық Шығанаққа барып құлайтын тұсынан көтерілетін.

Итен дәретханаға барып, жағажолды сыйыру үшін сыйыргы алып шықты.

Күн — күнде айтылып жүрген кәдімгі күн — бұлжымай ертеден кешке дейін зесте түрмайды. Оны кектің күмбезіне өрлеп, кешке еніске құйылатын алаулаған арайлы сөулесіғана айшықтап қоймайды, — онын бойындағының бәрі — онын бүкіл бітім-құрытсыы, түрі-тусі, тәні мен мәні де өзгереді. Оны жыл мерзімінің барлық кезендеріне тән мыңдаған факторы: тамыздың аптабы, қыстын аязы, тынған тыныштық, ұлыған жел — бәрі тітіркендіреді, ол шөптің, жапырақтың, бүршіктің хош ісіне әйтпесе колка кабар ашы зардабына, күздін сұығына, жалан бұтактын қарадағына — бәріне тәуелді. Күннің құбылтуына орай, онын аясындағының бәрі — коныз да, құс та, ит пен мысық та, көбелек пен адам да өзгереді.

Итен Атлен Хоули өзінің ішкі жан дүниесіне үнілген тыныш та бұлтынғыр күн де аяқталды. Бейне бір метроном (қысқа мерзімді өлшеттін аспап) асықпай жағажол сыйырып жатқан адамның консерві қалбырларына өсінет айтушыға да, “жалғыздың жалғыздығына да”, сірә бар ғой — сиыксыз сүмелек сайқымазакқа да мегзейтін түгі қалмаган сыйайты. Сыйыргысын серметеген сайын ол темекі түкүлда-

рын, сағыз оралған қағаздарды, төгілген ағаш бүршіктерінің қауызын, ең әрісі шаң-тозаңға дейін сыпсырып, күмістей жалтыраған жүк машинасының қокыс тасушылары жинап әкететін арық жиегіне қарай жал-жал ғып үйіріп жинап жатты.

Бейкер мырза өз үйінен шығып, Талшынды қөшедегі Бірінші үлттық банктің қызыл кірпіштен салынған базиликасына (гректердің ескідегі сот мекемесіне арналған үй үлгісі) аспай-саспай ақырын аяңдап кетіп бара жатты. Оның басқан қадамы ұзынды-қысқалы, әрқылы болатын. Әйтсе де әлдебіреулердің оны ескі ырым-жырымға сеніп, анасының көленкесін басудан жасқанады деп жаңсақ ойлауы да екіталаі еді.

— Қайырлы таң, Бейкер мырза, — деді де, Итен банк директорының мүқият үтектелген қоңыр шалбарына шаң тимеу үшін сыпырғыш сермеуден бөгелді.

— Қайырлы таң, Итен. Тамаша таңмен!

— Иә, шынында солай! — деді Итен, — Коктем келді, Бейкер мырза; көртышқан қу білген екен!

— Иә, қу, қу! — Бейкер мырза үндемей қалды, — Менің сізben, Итен, көптен бері сөйлескім келіп жүр еді. Сіздің жұбайыңыз ағасының аманаты бойынша... Ә, ә... бес мыңнан артық алды білем.

— Салығынан тыс алты мың бес жұз, — деді Итен.

— Олар банкте бекерден бекер жатыр ғой. Бірденеге жарату керек болар. Соны бір сөйлесейікші. Сіздің ақшаныз сіздің өзінізге қызмет етуге тиіс қой!

— Алты жарым мың онша көп табыс әкеле қоймас. Шамалы ақша, әлдекалай қысыл-таяң жағдайға керек болар.

— Мен өлі капиталды қоштамаймын, Итен.

— Дұрыс! Әйтсе де... күте білген де биік мұратқа өзгеден олқы қызмет етпейді ғой.

Банкирдің үнінен ызғарлы леп сезілгендей болды.

— Тұсінбеймін, — сөз салтауына қарағанда ол бәрін керемет тұсініп тұр, алайда ондай қисынды орынсыз айтылған оғаш пікір санайды, ал оның қатқыл үніндегі зілді сарын Итенге шаншудай тиді, намысына қадалған шаншу жарық дүниеге жалған сөз әкелді.

Сыпырғы жағажолда білінер-білінбес етіп жарты шенбер сыйзыды.

— Мәселе былай ғой, мырза, ол ақша Мэриге уақытша пайдалануға берілген. Егер мен ойламаған жерден әлдекалай қолайсыз жағдайға тап бола қалғандай болсам, сондай кезде жұмсауға арналған.

— Олай болса онда сізге одан белгілі бір соманы алыш, өзініздің өмірінде сақтандырыуыңыз керек.

— Бірақ ол ақша оған уақытша пайдалануға берілген ғой, мырза. Ол — Мэридің ағасының меншік мұлкі. Оның әлі шешесі де тірі. Ол әлі талай жылдар өмір сүруі де ғажап емес.

— Эрине, мен оны түсінемін. Қарттар көбіне-көп масыл болады.

— Ақшасын жамбасына басып жататындар да жиі ұшырасады. — Осы бір ағат сөзді айтқан Итен Бейкер мырзаның жүзіне қарап еді, банкирдің жағасынан жоғары қарай қызыра бастағанын көзі шалды. — Өзінің де білесіз ғой, мырза: Мэридің бұл ақшасын бірденеге саламын деп, артынан бүкіл мұлік-меншігінен айырылған менің өзімдей бәлки, додал ойлап ақкөздік жасап, барынан айырылып, сақал сипап қалған әкемдей оның да кейін сазға отырып қалмауы да екіталай ғой.

— Бәрі өтеді, бәрі өзгереді, Итен. Бәрі өзгереді. Сіздің өнтек аузыңыз күйгенін білемін. Әйтсе де қазір заман басқа, жағдай өзге.

— Менің сол кезде де мүмкіндігім мол болатын, Бейкер мырза ақылға қонымдыдан әлдекайда артық еді. Менің дүкенді соғыстан кейін іле-шала алғанымды ұмытпаныз. Соны жабдықтайтын тауарларды сатып алу үшін атшаптырым аумақты алыш жатқан қора-жайымды, үй-мұлкімді саттым. Бұл біздің көсіпкерлігіміздің ақыр-соңы еді.

— Білемін, Итен. Әйтсе де сіз ақшанызды менің банкімде сақтайсыз ғой. Дәрігер сіздің тамырыныздың соғуын бақыласа, ал мен сіздің ағымдағы есеп-шотынызды қадағалаймын.

— Әлбетте, сіз білмегендे ше! Менің тұлдыры жок, әсілі ақ сирак болып қалуым үшін екі жылға жетер-жетпес уақыттың өзі жетіп артылды. Қарыз-қауғамнан құтылу үшін үйімнен басқаның бәрін саттым.